

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі
комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің,
Басқарма, Басқарма төрағасының және мүшелерінің,
Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметіне
«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің
бағалау жүргізу туралы ережесі**

Осы Ереженің мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – ҚТО) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің (бұдан әрі – Комитеттер), Директорлар кеңесі мүшелерінің (бұдан әрі – Директорлар), ҚТО, Басқарма, Басқарма төрағасының және мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметіне Директорлар кеңесінің бағалау (бұдан әрі – Бағалау) жүргізу тәртібін сипаттау болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1. Директорлар кеңесі бағалауды мынадай мақсаттарда жүргізеді:

1) өз жұмысының, Комитеттердің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және ҚТО жұмысының күшті және әлсіз жақтарына (артықшылықтары мен кемшіліктері) талдау жүргізу және айқындау;

2) Директорлар кеңесінің, Комитеттердің, Директорлардың, Ішкі аудит қызметінің жұмысына тиісті түзетулер енгізу;

3) Басқарма, Ішкі аудит қызметі және ҚТО қызметінің нысаналы бағыттарын түзету;

4) Директорларға, Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына және жұмыскерлерге сыйақы беру жүйесінің тиімділігін айқындау;

5) Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Ішкі аудит қызметінің құрылымы мен құрамы ҚТО стратегиялық міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал ететінін айқындау;

6) Директорларды оқыту қажеттілігін айқындау;

7) Басқарма басшысы мен мүшелерін сайлау кезінде бағалау нәтижелерін есепке алады. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмыскерлерін тағайындау кезінде, сондай-ақ Директорлар, Директорлар кеңесінің құрамына, ҚТО ішкі құжаттарының ережелерін ескере отырып, оның құрылымын (Комитеттер,

тәуелсіз директорлардың арақатынасы және т.б.) қалыптастыруға қатысты ұсынымдарды дайындау.

2. Бағалау түрлері

2. ҚТО корпоративтік басқару кодексіне сәйкес және Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шеңберін негізге ала отырып, Директорлар кеңесі бағалаудың мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) өз жұмысының жалпы тиімділігін, Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауын, Директорлар кеңесінің жұмыс шарттарын бағалау;
- 2) Директорлар қызметін бағалау;
- 3) Комитеттердің қызметін бағалау;
- 4) Басқарма қызметін бағалау;
- 5) Басқарма басшысы және мүшелерінің қызметін бағалау;
- 6) Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау;
- 7) Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау;
- 8) ҚТО қызметін бағалау.

3. Бағалау жүргізу мерзімдері

3. Бағалау есепті жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымына дейін жүргізіледі.

4. Бағалау Директорлар кеңесінің тиісті шешімі болған кезде қажеттілігіне қарай жылына екі және одан да көп рет жүргізілуі мүмкін.

4. Жауапкершілік

5. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының ойластырылған, адал және тиімді жұмысына кепілдік беру үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

6. Директорлар кеңесі адал және әділ бағалау жүргізу үшін жауапкершілікте болады.

5. Бағалау қағидаттары, рәсімдері және әдістері

7. Бағалау мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) жүргізілудің тұрақтылығы;
- 2) кешендік;
- 3) ҚТО қызметінің негізгі көрсеткіштерімен салыстыру;
- 4) басымдықтарға байланысты көрсеткіштер мен өлшемшарттарды нақтылау;
- 5) объективтілік.

8. Бағалау салыстырмалы сипатта болуы тиіс (алдыңғы кезеңдермен бенчмаркинг).

9. Директорлар кеңесі бағалауды мынадай әдістердің (бұдан әрі – Бағалау әдістері) бірімен жүргізеді:

1) өз күштерімен сауалнама жүргізу, сұхбаттасу және т.б. арқылы;

2) тәуелсіз консультанттарды, корпоративтік басқару рейтингтерін иеленген кәсіби қауымдастықтарды және ұйымдарды белгіленген тәртіпте тарта отырып (бұдан әрі-Консультант);

3) аралас тәсілді пайдалана отырып: Консультанттар тарапынан процесті үйлестіру кезінде өз күштерімен.

10. Бағалау жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Көрсетілген шешімде өткізудің нақты мерзімдері (кестесі), бағалау, бағалау әдісі, қажетті ресурстар және басқа да қажетті ережелер айқындалады.

11. Бағалау жүргізу үшін консультантты тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, осы шешім нақты негіздемемен расталуға тиіс. Консультантты тарту үшін мынадай жағдайлар негіз болуы мүмкін: Директорлар кеңесінің қызметін сыни бағалау қажеттілігі; алдыңғы бағалаудың тиімді нәтижелерінің болмауы; Директорлар кеңесінің жаңа құрамын қалыптастыру, ҚТО қайта құру, даму стратегиясын, ҚТО қызметінің басымдықтарын өзгерту, корпоративтік басқару рейтингін алу сияқты маңызды корпоративтік оқиғалар алдында.

12. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау кемінде үш жылда бір рет консультанттарды тарта отырып жүргізілу тиіс.

13. Бағалау жүргізу процесін Директорлар кеңесінің төрағасы үйлестіреді.

14. Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметіне бағалау жүргізеді және бағалау нәтижелерін Директорлар кеңесінің төрағасына береді.

15. Бағалау нәтижелері (сауалнама жүргізу, сұқбат беру және т.б.), Ішкі аудит қызметін бағалау жөніндегі аудит жөніндегі комитеттің қорытындылары және/немесе Консультанттың есебі олар бағалау қорытындыларын шығару мақсатында одан әрі Директорлар кеңесінің төрағасына беру үшін Корпоративтік хатшыға беріледі, атап айтқанда салалардың (бағыттардың) тізбесі шығарылады:

айтарлықтай жақсартуды талап ететін (1 балл);

жақсартуға ұсынылған (2 балл);

өте жақсы (3 балл).

16. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің жабық отырысында талқыланады, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысады.

Директордың осы отырысында ҚТО, Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметінің жұмысын тұжырымдамалық түрде талқылайды, олардың жұмысының тиімділігін төмендететін факторларды анықтайды және тиімділікті арттыру жолдарын ұсынады, ҚТО қызметін және менеджмент жұмысын басқару мен бақылаудың негізгі мәселелерін талқылайды.

17. Жалпы бағалау процесі талқылауды ынталандыруы керек:

1) Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің рөлі мен функцияларын;

2) Директорлар, Басқарма басшысы және мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының міндеттерін;

3) Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі жұмысының басымдықтарын;

4) Директорлар кеңесінің, Комитеттердің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің жалпы меңгеруі тиіс білімінің, машығының, тәжірибесінің және жеке қасиеттерінің болуын;

5) Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу практикасын, олардың тұрақтылығын, Директорлар кеңесінің қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелерін қоса алғанда, Директорлар кеңесі жұмысының қолданыстағы рәсімдерін;

6) Комитеттердің рөлін;

7) ағымдағы ұстанымы және оның даму перспективасын.

18. Директорлар Кеңесі төрағасының жұмысын бағалау тәуелсіз директорлардың бірінің басшылығымен жүргізіледі.

19. Басқарма және оның басшысын бағалау нәтижелерін талқылау кезінде Директорлар кеңесі төрағасы қатыспайды.

Ешбір Директор өз қызметін бағалау процесіне тартылмауы тиіс.

20. Директорлар кеңесінің төрағасы талқылау нәтижелерін әрбір директорға сындарлы және нақты нысанда ұсынады.

Директорлар Кеңесінің төрағасына қатысты мұндай ақпаратты Директорлар Кеңесінің төрағасына бағалау жүргізген тәуелсіз директор ұсынады.

Басқарманың және Ішкі аудит қызметі басшысының бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі бірыңғай пікірге (толық келісімге) қол жеткізгеннен кейін ұсынылады.

21. Директорлар кеңесі бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің, Комитеттердің, Басқарманың және Ішкі аудит қызметінің жұмысын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

22. Директорлар кеңесі жалғыз акционерге (акционерлердің жалпы жиналысына) берілетін өзінің жылдық есебінде, басқалармен қатар, ҚТО ұстанымын бағалау және оның даму перспективалары, сондай-ақ Директорлар кеңесіне, Комитеттерге, Жекелеген директорларға, Ішкі аудит қызметіне және оның басшысына бағалау жүргізу процесі туралы ақпаратты көрсетеді.

23. Бағалау туралы ашылатын ақпарат:

1) бағалау жүргізу туралы;

2) бағалау түрлері, рәсімі туралы;

3) пайдаланылған әдістер туралы;

4) Директорлар кеңесінің отырысында бағалау нәтижелерін талқылау фактісі туралы;

5) талқылау қорытындылары және қабылданған шаралар туралы хабарламаны қамтиды.

24. Бағалаудың әрбір түрі бойынша нақты нәтижелер туралы ақпарат құпия ақпарат болып табылады және жария етуге жатпайды. Консультанттың бағалау нәтижелері туралы есебі, сондай-ақ әрбір Директор толтырған сауалнамалар да құпия ақпарат болып табылады және ішкі құжатта белгіленген талаптарды сақтай отырып сақталады.

Акционерге бағалау нәтижелері Жарғыда және ҚТО-ның ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте оның сұрау салуы бойынша ұсынылады.

25. Директорлар кеңесінің төрағасы жария түрде ашуға арналған бағалау туралы ақпараттық хабарламаның форматын да айқындайды (ҚТО-ның жылдық есебінде, ҚТО-ның веб-сайтында және т.б.).

6. Бағалаудың жекелеген түрлерін жүргізу критерийлері

Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің қызметін бағалау

26. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау критерийлері:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын құжаттамалық қамтамасыз ету;
- 2) Директорлар кеңесі жұмысының рәсімдері, оның қызметін ақпараттық қамтамасыз ету;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы;
- 4) Директорлар кеңесінің, Директорлар Кеңесі төрағасының рөлі мен міндеттері;
- 5) Комитеттердің жұмысы;
- 6) Директорлар кеңесінің Басқармамен өзара іс-қимылы;
- 7) Корпоративтік хатшының қызметі (қажет болған кезде);
- 8) Директорларға сыйақы беру саясаты.

27. Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға арналған сауалнаманы әрбір Директор үлгілік сауалнама негізінде толтырады (1-қосымша).

28. Директорлар қызметін бағалау критерийлері:

- 1) Директорлар кеңесінің, құрамына Директор кіретін Комитеттің жауапкершілік саласына жататын мәселелердегі құзыреттілік;
- 2) бизнесті жүргізу саласы мен ерекшеліктерін білу;
- 3) Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу;
- 4) Комитет отырыстарында талқылауға қатысу дәрежесі;
- 5) Директорлар кеңесі отырыстарындағы белсенділік және шешімдер қабылдау процесіндегі дауыс беру сипаты, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін материалдарды қарау мерзімдерін сақтау (материалдарды қарау және ҚТО-ның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қол қою);
- 6) конструктивизм және шешімдерді іздеуге бағытталу;
- 7) Директордың жеке мінездемесі және оның жұмысының тиімділігіне әсері (ұжымда жұмыс істей білу, қарым-қатынас жасау үшін қол жетімділік, өз көзқарасын қорғай білу, басқа біреудің пікірімен санаса білу қабілеті, қызметтің этикалық стандарттары).

29. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауға арналған сауалнаманы әрбір директор үлгілік сауалнама негізінде толтырады (2-қосымша).

Комитеттердің қызметін бағалау

30. Комитеттердің қызметін бағалау критерийлері:

- 1) Комитет мүшелерінің жалпы Комитетке жүктелген өкілеттіктер мен функцияларды толық және тиімді орындауын бағалау;
- 2) Комитет мүшелерінің кәсіби тәжірибесінің, білімінің және біліктілігінің жалпы деңгейін оның алдында тұрған міндеттер тұрғысынан бағалау;
- 3) Комитет отырысын дайындау және өткізу сапасы;
- 4) Комитет мүшелері сыйақысының қазіргі деңгейін бағалау;
- 5) Комитет туралы ережеде Комитетке бекітілген міндеттер мен функциялардың оңтайлылығы;
- 6) Комитеттің қызметін Комитет туралы Ережемен толық салыстыру;
- 7) Комитет қызметі нәтижелерінің Директорлар кеңесінің күтулеріне сәйкестігін бағалау.

31. Аудит, тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі Комитеттердің қызметін бағалауға арналған сауалнамаларда әрбір Комитеттің функциялары мен міндеттерін көрсететін ерекше мәселелер қамтылады.

32. Аудит, тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттердің қызметін бағалауға арналған сауалнамаларды Директорлар кеңесі кейін Комитеттер қызметінің қорытынды бағалауын талқылау, жинақтау және қабылдау үшін (Комитет мүшелерінің әрқайсысының жұмысын жеке бағалау және өзін-өзі бағалау нәтижелерін ескере отырып) әрбір Директор үлгілік сауалнамалардың (3-5-қосымшалар) негізінде толтырады.

33. Аудит жөніндегі комитеттің әрбір мүшелерін бағалауға арналған сауалнаманы аудит жөніндегі комитет мүшелері үлгілік сауалнама негізінде жеке толтырады (6-қосымша).

Басқарманың, Басқарма мүшелерінің қызметін, ҚТО-ның ағымдағы ұстанымын және оның даму перспективаларын бағалау

34. Басқарма қызметін бағалау критерийлері:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;
- 2) ҚТО-ның өзге де органдарының шешімдерін орындау;
- 3) Басқарманың ҚТО даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қосқан үлесін бағалау (Директорлар Кеңесінің қарауы және бекітуі үшін даму стратегиясының, бизнес-жоспардың және бюджеттің жобаларын дайындау сапасы, Басқарманың бекітілген даму стратегиясын, бизнес-жоспарды іске асырудың дәйектілігі);
- 4) ішкі бақылау жүйесін құру, оның сенімді жұмыс істеуі және мониторинг жүргізу;

5) бизнес-тәуекелдер үшін бақылау құрылымын құру, қолдау және есептілік және тұтастай алғанда тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру;

6) Директорлар кеңесінің мүшелерін ҚТО-дағы істердің ағымдағы жай-күйі туралы толық және дұрыс ақпараттандырудың тиімді жүйесін енгізу;

7) басқарушы кадрларды тартудың, ұстап қалудың және дамытудың тиімді жүйесін құру;

8) еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдардың қызметін басқару және бақылау тиімділігі;

9) акционермен (-лермен), клиенттермен, әріптестермен және билік органдарымен қарым-қатынастарды дамыту.

35. Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау критерийлері:

1) Басқарма жауапкершілігі саласына кіретін мәселелердегі құзыреттілік;

2) саланы және бизнесті жүргізу саласының (аясының) ерекшеліктерін білу;

3) Басқарма отырыстарына қатысу;

4) Басқарма отырыстарындағы белсенділік және шешімдер қабылдау процесіндегі дауыс беру сипаты;

5) Басқарма мүшесінің жеке сипаттамалары және оның жұмысының тиімділігіне әсері (ұжымда жұмыс істей білу, қарым-қатынас үшін қол жетімділік, өз көзқарасын қорғай білу, басқа біреудің пікірімен санасу қабілеті, қызметтің этикалық стандарттары).

36. ҚТО қызметін бағалау критерийлері:

1) ҚТО ағымдағы ұстанымы;

2) даму стратегиясының шынайылығы;

3) даму стратегиясының прогрессивтілігі және т.б.

37. Басқарманың, Басқарма мүшелерінің және ҚТО қызметін бағалау кезінде пайдалану үшін қажетті материалдар:

1) даму стратегиясына, бизнес-жоспарға және бюджетке енгізілген қызметтің негізгі көрсеткіштерінің (ҚНК) орындалуы туралы нақты деректер;

2) сыншыл талдау және ұсынымдар, әсіресе ҚНК-дан ауытқыған жағдайда;

3) ұқсас компаниялар қызметінің саласы мен көрсеткіштерін талдау (бенчмаркинг).

38. ҚТО, Басқарма және Басқарма мүшелерінің қызметін бағалауға арналған сауалнамаларды әрбір директор үлгілік сауалнамалар негізінде толтырады (7-8-қосымшалар).

Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау

39. Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау критерийлері:

1) Ішкі аудит қызметі қызметінің ҚТО Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және басқа ішкі құжаттарға сәйкестігі;

2) Ішкі аудит қызметінің қызмет нәтижелерінің Директорлар кеңесінің/Аудит жөніндегі комитеттің кұтулеріне сәйкестігі, Ішкі аудит қызметінің жыл сайынғы аудиторлық жоспарының уақтылы орындалуы.

40. Ішкі аудит қызметін бағалауға арналған сауалнаманы кейін Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметі басшысы қызметінің қорытынды бағалауын талқылау, жинақтау және қабылдау үшін (Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау нәтижелерін ескере отырып) аудит жөніндегі комитеттің әрбір мүшесі үлгілік сауалнама (9-қосымша) негізінде толтырады.

41. Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалауға арналған сауалнаманы аудит жөніндегі комитеттің әрбір мүшесі үлгілік сауалнама негізінде толтырады (10-қосымша).

7. Қорытынды

42. Осы Ережеге өзгерістер және/немесе толықтырулар оны жетілдіру, сондай-ақ бағалаудың алғашқы нәтижелерін ескере отырып, енгізілуі мүмкін.